

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

# СӨЖ

Тақырыбы: Тітіркендіруші заттар. Қапталғыш заттар. Адсорбациялауш  
заттар.

Түркістан-2015

# Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
  - Тітіркендіруші заттар.
  - Қапталғыш заттар.
  - Адсорбациялауш заттар.
- Қорытынды

# Қаптаушы заттар

- Қаптаушы заттар шырышты қабаттарды жаба отырып, сезімтал жүйке ұштарын тітіркенуден сақтайды. Қаптаушы заттарға крахмалдың шырышы, зығыр дәнінің шырышы және т.б. жатады. Оларды көбінесе асқазан-ішек жолдарының қабыну үрдістерінде, сонымен қатар тітіркендіргіш қасиеті бар заттармен бірге қолданады. Қаптаушы заттар резорбтивті әсер көрсетпейді.

# Адсорбциялаушы заттар.

- Адсорбциялаушы (сорып алушы) заттар суда ерімейтін, тіндерді тітіркендірмейтін және адсорбциялық беткейлігі үлкен ұнтақ тәрізді инертті заттар. Теріге немесе шырышты қабаттарға қолданғанда олар химиялық қосылыстарды өзінің бетіне адсорбциялап, сезімтал жүйке ұштарын тітіркендіргіш әсерлерден қорғайды. Сонымен қатар, адсорбциялаушы заттар тері бетін немесе шырышты қабаттарды жұқа қабатпен жаба отырып, сезімтал жүйке ұштарын механикалық түрде қорғайды. Мысалы, тальк ( $4\text{SiO}_2-3\text{MgO}-\text{H}_2\text{O}$ ) тері бетіне қолданылғанда бездердің бөлінділерін адсорбциялайды, теріні құрғатады және оны механикалық түрде қорғайды.

- Адсорбциялаушы заттарды (мысалы, активтелген көмірді) химиялық қосылыстармен уланғанда қолдану өте маңызды. Активтелген көмір ішке тағайындалғанда уытты заттарды адсорбциялайды, олардың сіңуін баяулатады немесе тоқтатады және мүмкін болатын жедел улануды басады. Сонымен қатар адсорбенттер диареяда (уытты заттарды адсорбциялайды), метеоризмде (күкіртсутекті сіңіреді) қолданылады.

# Тітіркендіргіш заттар

- Бұл топтың преператтары тері мен шырышты қабаттардың сезімтал жүйке ұштарына ынталандырғыш әсер көрсетеді. Бұл кезде пайда болатын рефлекстер түрлі патологиялық жағдайларды емдеуде пайдалы бола алады. Тітіркендіретін заттар, сезімтал жүйкенің реттелмеген тербелісін тудыра отырып, жергілікті тітіркендіретін әсер тудырады. Соның нәтижесінде қан тамырларының жүруі жақсарып, ауру әлсірейді. Бұл топтағы дәрілік құралдар үшін жергілікті, рфлекторлы және нейрогуморальді әсерлер тән.

## Жіктелуі

Тітіркендіретін  
заттар

Қыша қағазы,

Ментол,

Тазартылған

Терпентин

Майы,

Аммиак ерітіндісі

Рефлекторлы әсер ететін қақырық түсіретін заттар

Рефлекторлы әсерлі ащы, іш жүргізетін және өт айдайтын заттар.

- Қыша қағазы (горчичник) майсызданған қышаның жұқа қабатымен жабылған. Оның тітіркендіргіш әсері қышаның эфирлік майына (аллилизотиоцианат) байланысты. Қышаның құрамында синигрин гликозиді мен мирозин ферменті бар. Қыша қағазын жылы (40°C жоғары емес) сумен сулағанда мирозиннің әсерінен синигрин ферменттік ыдырауға түсіп, айқын тітіркендіргіш әсер көрсететін қышаның эфирлік майын түзеді. Қыша қағаздарын көбінесе тыныс алу мүшелерінің ауруларында, стенокардияда, сонымен қатар неврологияларда, миалтияларда қолданылады.